

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН ҚЫТАЙ МЕМЕЛЕКЕТТЕРІНІҢ ЖОҒАРҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МЕТОДИКАНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Кабиденова Жансулу Сериковна

zhansulu.kabidenova@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Қытай филологиясы мамандығының 1 курс студенті,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Дүкен Мәсімханұлы

Жоғары білім берудің мақсаты – қоғамның, мемлекеттің және тұлғаның сапалы жоғары білім алуға деген мүдделерін қанағаттандыру, әрбір адамға оқытудың мазмұнын, нысанын және мерзімдерін тандауға кеңінен мүмкіндік беру. Іргелі білімді кеңінен меңгерген, бастамашыл, еңбек нарығы мен технологиялардың ауысып тұратын талаптарына бейімделген, командада жұмыс істей білетін жаңа тұрпатты маман даярлау.

Қытай Халық Республикасының жоғарғы білім беру жүйесіндегі методика

Қытай- экономикасы мен әлеуметтік модернизмі қарқынды дамып келе жатқан ел. Білім саласына да соңғы жылдары көптеген өзгерістер енгізіле басталды. Кейінгі жылдары Қытай табысты түрде жүзеге асырылып келе жатқан білім серіктестігіне аса мән беруде. Бүгінгі таңда қытай жоғары білім беру ғылымы теориялық базамен бірге өте жақсы нәтижелерге қол жеткізе алатын зерттеу бағытын ұстанып келеді. Қытай университеттері Батыс университеттерімен тәжірибе алмасып, көптеген зертханалар мен эмпирикалық зерттеулер бөлімдерін құрудың ерекшеліктерін игеруде. Қазір тәжірибе мен білім алу, Қытай ЖОО-да қатар жүреді. Оқушылар теориялық тұрғыда ғана емес, пәндік түрде де оқуға тырысады. Қазіргі кезде бұл жүйемен тек Еуропа мен АҚШ қана жұмыс істемейді, Қытай университеттері де кеңінен қолданысқа кіргізе бастады. Оқу мерзімі барлық жерде бірдей: әдеттегідей бакалавриатта білім алу 4-жыл. Курс екі семестрден тұрады-біріншісі қыркүйек айынан басталып, қаңтарда аяқталады. Екіншісі-ақпан айында басталып, маусымның аяғы мен шілденің басында аяқталады. Тағы бір айта кететін жайт-қытайлықтар мектепте 12 жыл оқиды. Қытайда бірқатар елдермен келісімдер жасалынған, орта білім туралы сертификаттар, сондай-ақ басқа да білім беру құжаттары мен дәрежелері әріптес елдердің аумағында, сондай-ақ тікелей Қытайда заңды болып табылады. Мысалы, Қытай бұрынғы КСРО мен Ресейдің бірқатар елдерімен осындай келісімге келген.

Жоғары білім аламын деушілер үшін қойылатын талаптар:

- ✓ 18-50 жас аралығында болу;
- ✓ HSK бойынша емтиханды, 3 және одан жоғары деңгейде тапсыруы қажет (төменгі шекті балл- 180).
- ✓ Күзгі семестрге өтініш беру уақыты 30 шілдеге дейін, көктемгі семестрге 31 желтоқсанға дейін. Белгіленген уақыттан кешігуге болмайды.
- ✓ HSK (Hanyu Shuiping Kaoshi) – қытай тілін меңгеру деңгейін анықтайтын мемлекеттік емтихан.

Ал ЖОО-на тапсыру үшін 7 пән бойынша емтихан тапсыруы керек. Емтихан Гаокао деп аталады. Үш күн бойы негізгі пәндерге екі сағат, профильдік пәндерге 1,5 сағат беріледі. ЖОО-да бір орынға 100 үміткер болатындықтан, екіншісі ЖОО грантын иелене алмайды. Көп жағдайда талапкерлер ақылы бөлімге тапсырады. Ал кейде талапкер оқуын жұмыс орны төлейді. Талапты оқушылар мемлекет тарапынан шәкіртақы, жәрдемақы алып отырады. Сонымен қатар жоғарғы орынға түсу балл дәрежесіне байланысты. Алынған балл

қандай оқу орынға түскенін анықтайды. Оқу орындары жоғарғы дәреже, орташа дәреже және қалалық дәреже болып бөлінеді. Университетке түсу үшін міндетті түрде орта мектеп курсың толық аяқтау қажет. Сонымен қатар техникалық, академиялық және жоғарғы орынға арналған курсты біріктіру керек. Университеттер біздің елдегідей көп салалы емес, тек бір бағыттағы мамандарды дайындайды. Оқу ұзақтығы 4-5 жыл. Университет бітірген соң бакалавр дәрежесі беріледі. Қытай жоғарғы біліміне колледж, кәсіби жоғарғы мектептер, университет кіреді. Қытайдың жоғарғы оқу орындарының ерекшелігі басқа елдермен салыстырғанда олардың 60% білімі нақты жаратылыстану жағына экономикаға байланысты бағытталған. 10% ауыл шаруашылығына бағытталған, сол себептен әлемде өздерінің жетістіктерімен ерекшеленеді. Оқу бағдарламасы екі кезеңнен тұрады: қыркүйектен басталып, жиырма аптаға созылады. Екінші семестр ақпанның ортасынан басталады.

Қытайда білім алғысы келетін, кез келген басқа да ұлттың студенттеріне берілетін мүмкіндіктерге ие. Олар білімді университеттерде де, институттарда да, түрлі оқу орындарындағы тілдік курстардан да ала алады. Түрлі форматтағы білім кластерлері үлкен қалаларда және шағын аудандарда да бар.

Ана тілі - өзге тіл болып саналатын студенттерді оқыту әдістемесі келесідей: бірінші жылдары және алғашқы екі жылдық оқу барысында өзге тілді студенттер қытай тілін түрлі ұлт өкілдерінен тұратын топпен бірге оқиды. Алғашқы күндері оқытушылар олармен тек қытай тілінде сөйлеседі, қажеттілік туындап жатса ағылшын тілінде де қарым-қатынас орната алады.

Бұны бақылаулар мен түпкілікті нәтижелерге сәйкес жұмыс істейтін «шок-терапия» әдісі деп айтуға болады.

Нәтижесінде, бір жылдан кейін, студенттерді тіл үйрену деңгейін бағалайтын емтихандар күтеді. Содан кейін студенттер өздері таңдаған кәсіби профильде оқуға мүмкіндік алады.

Қытайда жоғары білім алу үшін, қытай тілін жетік меңгерудің аса қажеттілігі жоқ. Әрине, ол елдің тілін білу-студент үшін жақсы, бірақ ағылшын тілінде де академиялық білім алуға мүмкіндік бар. Егер сіз Қытайда жоғары білім алғыңыз келсе, бірақ қытай тілін білмесеңіз, онда бағдарламалары ағылшын тілінде жүргізілетін ЖОО-ын таңдағаныңыз дұрыс. Оқу орнын бітіргеннен кейін, студент Қытай Университетінің де дипломына ие бола алады. Харбин политехникалық университеті бакалавриатты қытай және ағылшын тілдерінде ұсына алады. Бұл университет әлем бойынша жеті үздік техникалық университеттерінің қатарында кіреді, мұнда әртүрлі қолданбалы өндірістің ең кәсіби инженерлерін дайындап шығарады. Университетті бітіргеннен кейін, студенттердің беделді қытайлық компанияларда, оның ішінде ZTE, LG және т.б жұмыс істеуге мүмкіндіктері бар.

Қытай ЖОО-лары политехникалық және техникалық болып екіге бөлінеді. Қытайдың политехникалық ЖОО-ларында техникалық және табиғаттану факультеттері бар. Болат, геология, мұнай, химиялық технология мен тау-кен институты техникалық бағытқа енеді. Жалпы бағыттағы Пекин, Фудань (Шанхайда), Нанкай (Тяньцзин) секілді университеттердің гуманитарлық, табиғаттану бағыттарындағы факультеттері бар. Гуманитарлық факультеттерінде тіл, әдебиет, тарих, құқықтану, философия, экономика салаларына қажетті мамандарды даярлайды. Ал табиғаттану факультеттерінде математика, физика, география, геология, химия, радиоэлектроника мамандықтары оқытылады. Қазіргі таңда 2300 ЖОО, 1800 университеттер мен колледждер, жоғары мамандырылған мектептер мен ересектерге арналған оқу түрі бар. Сонымен қатар қазіргі таңда ЖОО-ларды біріктіру қарқынды дамып жатыр. 1000 оқу орны 300 оқу орынға біріктірілді. Осындай тәсіл диверсификация деп аталады. Бұл тәсіл әртүрлі жоғарғы орындарды арасында ақпарат алмасу мақсатымен жүзеге асырылады. Олардың несие мен балл жүйесі ерекшеленеді. Дипломды қорғау белгілі бір несиелерді жабу арқылы жүзеге асырылады. Әр студент өзінің оқитын пәннің өзі таңдайды. Дәріске кешігу емтиханға кіргізбеу мәселесі болады. Үш емтиханды тапсырылмаған студент екінші жылға қалады. Оқу жүйесі үш бөлімнен тұрады: дәріс, өзіндік жұмыс және үй

жұмысы. Бес балдық жүйе арқылы бағаланады: А- емтихан тапсырылды, В- тапсырылды, бірақ біраз қателіктермен, С- қанағаттанарлық, Д- емтихан қабылданды, Е- емтихан қабылданбайды.

Қазақстан Республикасының жоғарғы білім беру жүйесіндегі методика

XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басы қазақстандық білім беру жүйесіндегі қарқынды реформалар кезеңі болды. Бұл білім сапасына қойылатын талаптардың өзгерісіне байланысты сыртқы факторлардың әсерінен, сонымен бірге даму тенденциясын туындататын ішкі қарама-қайшылықтар әрекеті әсерінен болды. Қазіргі қоғамға өз бетінше әрекет ете алатын, өз болашағына жауапкершілікпен қарайтын, шығармашыл, өз дамуын құндылық ретінде түсінетін, үздіксіз білім ала алатын және оған дайын адамдар қажет. 2006 жылы Санкт-Петербург қаласында өткен «Сегіздіктен құрылған топ» саммитінің «XXI ғасырдағы инновациялық қоғамға арналған білім» атты қорытынды құжатында «білім беру адамзат дамуының негізі ретінде инновацияны қажетсінеді», – деп көрсеткен. Қазақстандық білім беру жүйесіндегі өзгерістер енгізудің қажеттілігі нормативті-құқықтық құжаттарда да көрініс тапқан. Инновациялық іс-әрекеттегі көптеген шектеулерге жол бермей, оны өзгертуге деген қажеттіліктің туындауы білім беру жүйесінде кең ауқымды инновациялық қозғалысты тудырды.

XXI ғасырдағы білім берудегі ерекшеліктердің бірі оның интеграциялық сипаты болып табылады. Болон үдерісі аясында ұлттық білім беру жүйелері әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялануда. Қазақстандық педагогикалық ғылым мен тәжірибе білім беру мазмұнын өзгерту арқылы интеграциялық үдерісті ескере отырып, мамандарды даярлау сапасын қамтамасыз ету жағдайы мен мүмкіндіктерін іздестіру үстінде.

Тәуелсіз Қазақстанның жоғары білім жүйесін бетбұрыстандыру бірнеше кезеңнен тұрды: 1 кезең – жоғары білім жүйесінің заңдық және нормативтік құқықтық базасының қалыптасуы (1991-1994 жылдар); 2 кезең – жоғары білім жүйесін модернизациялау, оның мазмұнын жаңарту (1995- 1998 жылдар); 3 кезең – білім беру жүйесін қаржыландаруды орталықсыздандыру, білім беру мекемелерінің академиялық еркіндігін кеңейту (1999-2000 жылдар); 4 кезең – жоғары кәсіптік білім беру жүйесін стратегиялық дамыту (2001 жылдан бастау алған қазіргі кезең).

Көптеген жоғары білім беру мекемелері Қазақстан Республикасының жоғары білім жүйесінің әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялану міндетінен білім берудің Болондық үлгісін жүзеге асыруда, ол төмендегідей деңгейлерден тұрады:

✓ жоғары базалық білім/ жоғары арнайы білім: бакалавриат – «бакалавр» дәрежесін беретін жоғары білім беру бағдарламасы;

✓ жоғары ғылыми-педагогикалық білім: магистратура – «магистр» академиялық дәрежесін беретін жоғары ғылыми-педагогикалық бағдарлама;

✓ докторантура PhD – бұрынғы ғылыми-зерттеу кадрларын даярлау жүйесінің орнын басатын бағдарлама.

1. 2000 жылы қабылданған «Білім» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру барысында жоғарғы білім беру мамандықтарының жіктеуіші жетілдірілген. Оқу процесінің технологиялы болуын қамтамасыз еткен бастауыш курстардың біріздендірілген білім беру бағдарламалары мен қоса жоғарғы білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары әзірленді. Жоғарғы білімге даярлық мамандықтары мен бағыттарының пәндері 7000 үлгі оқу бағдарламаларымен қамтамасыз етілді.

Жоғары білімді жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар азаматтар алады. Азаматтың конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқығы бар (35 бап, 1 бөлім, ҚР «Білім туралы» заңы). Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары жоғары оқу орындарында іске асырылады. Ұлттық зерттеу университеті, ұлттық жоғары оқу орны, зерттеу университеті, университет, академия, институт және оларға теңестірілгендер (консерватория, жоғары мектеп, жоғары училище) жоғары оқу орындарының негізгі түрлері болып табылады (35 бап, 2 бөлім, ҚР «Білім туралы» заңы).

Қазақстандық білім беру жүйесі «Білім туралы» Заң (1999, 2002, 2007 жыл) «Білім» мемлекеттік бағдарламасы (2000 жыл) «2010 жылға дейінгі білімді дамыту стратегиясы» (2001 жыл) «2005-2010 жылдарға арналған білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы» (2004 жыл) сияқты стратегиялық нысандағы құжаттармен бекітілген.

Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына түсуші адамдарды қабылдау мемлекеттік білім беру тапсырысын (білім беру грантын) орналастыру, сондай-ақ азаматтардың өз қаражаты мен басқа да көздер есебінен оқуға ақы төлеуі арқылы жүзеге асырылады.

Әскери, арнаулы оқу орындарында алынатын білімді қоспағанда, Қазақстан Республикасының азаматтарына, егер Қазақстан Республикасының азаматы оны бірінші рет алатын болса, мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқық беріледі.

Әскери, арнаулы оқу орындарын қоспағанда, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдарға, егер олар осы деңгейдегі білімді бірінші рет алатын болса, мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары білім алуға құқық беріледі.

Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары білім алу құқығы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарына түсуші адамдарды қабылдау сертификаттағы балдарға сәйкес конкурстық негізде олардың өтініштері бойынша жүзеге асырылады.

Сертификаттар ұлттық бірыңғай тестілеу (бұдан әрі – ҰБТ) немесе кешенді тестілеу (бұдан әрі – КТ) немесе эксперименттік алаң болып табылатын "Назарбаев Зияткерлік мектептері" дербес білім беру ұйымының білім беру бағдарламалары бойынша түлектердің оқудағы нәтижелерін сырттай бағалау нәтижелері бойынша, сондай-ақ тізбесін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың) жеңімпаздарына (бұдан әрі – халықаралық олимпиадалар мен конкурстардың жеңімпаздары) (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) беріледі.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша қысқартылған оқу мерзімімен оқуға қабылданады.

"Орта буын маманы" немесе "қолданбалы бакалавр" біліктілігін алған техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар адамдарды ұқсас мамандықтарға жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған білім бағдарламалары бойынша жоғары оқу орындарына қабылдау КТ нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

Шетел азаматтарын мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде бөлінген квота бойынша мемлекетаралық келісімдер негізінде құрылған халықаралық жоғары оқу орындарына қабылдауды жоғары оқу орындары дербес жүзеге асырады.

Шетел азаматтарын ақылы негізде жоғары оқу орындарына қабылдау жоғары оқу орындарының қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200000111> Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы ҚР «Білім туралы» Заңы; Жоғары мектеп педагогикасы, оқу құралы;
2. Ахметова Г.К., Исаева З.А. Педагогика: учебник для магистратуры университетов;
3. Мынбаева А.К. Педагогика высшей школы: раздаточный дидактический материал.

4. Таубаева Ш. Педагогика әдіснамасы. – Алматы: 2013 жыл.
5. <http://pandaedu.kz/kk> Қытайдағы бакалавр